

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Көктал жүгерінің аталық нысандары тұқымдарын қайта өңдеу және сақтау жөніндегі зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын жекешелендіру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 672 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Көктал жүгерінің аталық нысандары тұқымдарын қайта өңдеу және сақтау жөніндегі зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті қызметінің бейіні сақталуын негізгі шарты етіп белгілеп, "Көктал жүгерінің аталық нысандары тұқымдарын қайта өңдеу және сақтау жөніндегі зауыты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мүліктік кешенін тендер арқылы сатуды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*